

КУРАТОРЛЫҚ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Тақырыбы:

«Қазақ ақындарының шығармаларындағы ұлттық рух»

Қарағанды техникалық университеті «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының аға оқытушысы Атькен Е.А. 2020 жылдың 24-қараша күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Қазақ ақындарының шығармаларындағы ұлттық рух» тақырыбымен кураторлық сағаттан шеберлік сабағын өткізді.

Шеберлік сабағының негізгі мақсаты: Ғасырлар бойы жинақталған ұлттық педагогиканың негізгі құндылықтарына жататын қазақ ақындарының шығармаларындағы ұлттық мазмұн мен рухани күшке бай өлең жырлар арқылы студенттердің ұлттық таным түсінігі деңгейіндегі сезім түйсіктеріне әсер отырып, олардың бойындағы еліне, жеріне деген тұлғалық көзқарастарын дамытып қалыптастыру. Рухани әлемінің жаңғырып өз ұлтына деген мақтаныш сезімдері мен жауапкершілік қасиеттерінің өзара байланыста дамуына ықпал ету, бағыт-бағдар беру.

Сабаққа барлығы 47 адам қатынасты, оның 41 «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының студенттері, қалған 6 келесі оқытушылар құрамынан болды:

ЖКФ деканы Курмашева Б.К.

ӨК кафедрасының м.а. Аскарров Б.Ш.

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі Қалыбекова Қ.С.

ӨК кафедрасының оқытушылары: Абдығалиева С.Ж., Кенжекеева А.Р.,

Косбармаков С.Ж.

Қатысушылардың пікірінше шеберлік сабағы талап етілгендей жоғарғы деңгейде өткен. Сабақ барысында ақындардың бейне жазбадағы шығармалары тыңдалып, оларға әртүрлі ойын үлгісіндегі талдау, еске сақтау қабілеті мен жадынды жаңғырту бағытындағы ойындар өткізілді. Төрт ақынның өнегелі өмір жолы мен шығармаларынан жеткілікті ақпарат беріліп, студенттердің рухани нәр алуына ықпал еткен тиімді сабақ болды.

Сайтқа сілтемелер: <https://www.youtube.com/watch?v=kiN5kBifmKI&feature=youtu.be>



